

Белбеу күресінен Ресейде өтетін Әлем чемпионатында ел намысын кімдер қорғайды?



Жаңақорған спорт кешінінде 2001-2002 жылы туған жасөспірімдер арасында белбеу күресінен Қазақстан Республикасы чемпионаты жалғасты.

Чемпионаттың ашылу рәсіміне қатысқан аудан әкімі Ғалым Әміреев:

– Ахмет Шынтайұлының балалық дәуірі патшалық кезеңде өтсе, жастық кезі Кеңестік заманға ұштасты. Ол өмірдің түрлі қиындығын көріп, ағайынның бірлігін бекемдеуге атсалысты. Ахмет қарияның артында оның ізін жалғастырар саналы да салауатты ұрпағы қалды. Жаңақорған агротехникалық колледжінің директоры, белбеу күресінен облыстық спорт федерациясының төрағасы Мадияр Ахметовтың ұйытқы болуымен өтіп жатқан шара соған дәлел, – деді.

Құттықтаушылар арасында Зейнулла Төлеутаев, Әбдіхалық Абдуллаев, Есенжол Әлияров, Нұрбек Палымбетов табылса, Сауранбек Елеуов әннен шашу шашты.

Спорттық додаға Астана, Шымкент қаласынан, Ақмола, Атырау, Ақтөбе, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қарағанды, Қызылорда облысынан 140 спортшы келді. Екі күнге созылған дүбірлі додада жігіттер 10 салмақ дәрежесінде, қыздар 7 салмақ бойынша сынға түсті. Чемпионатқа

белбеу күресінен 15 спорт шебері қатысты. Бұл жарыстың деңгейінен хабар беретіндей.

Екі күнге созылған сайыс қорытындысында ерлер арасында жеңіс тұғырына 45 келі салмақта қызылордалық Нақберген Тоқбаев, 50 келіде жерлесіміз Мейіржан Қоқанбаев, 55 келіде Алматы облысынан Нұрсұлтан Нұрсейіт, 60 келіде атыраулық Жұмабек Жолдасқалиев, 65 келіде алматылық Саян Құрманғалиев, 71 келіде қызылордалық Наурызбек Мамыт, 77 келіде актөбелік Нұрсәт Көшербай, 85 келіде қызылордалық Айберген Алдаберген, 95 келіге дейін қызылордалық Айдын Жалаңбасов, 85 келіден жоғарғы салмақта Шымкенттік Ерсұлтан Жорабек көтерілді.

Ал қыздар арасында 44 келі салмақта қызылордалық Мүнира Рахымжанова, 48 келіде павлодарлық Диана Омарханова, 52 келіде қызылордалық Назерке Әбілтаева, 58 келіде павлодарлық Анель Сержанова, 53 келіде павлодарлық Анастасия Быкова, 70 келіге дейін қызылордалық Жұлдыз Жұмахан, 70 келіден жоғары түркістандық Ақмарал Оразбай жеңіс тұғырына көтерілді.

Жеңімпаздар облыстық спорт және денешынықтыру басқармасының дипломымен және демеушілердің ақшалай сыйлығымен марапатталды.

Ерубай ҚАЛДЫБЕК.
29 қыркүйек 2018 ж.